

Меңдігереев Көпжасар Болатұлы,
тарих ғылымдарының кандидаты

Тарихшылар – кеше, бүгін (ойтолғау)

Тарих талайы ХХ ғасырдағы өзгерістен де, төнкерістен де, қуғын-сүргіннен де, қанды қырғыннан да, тоңы қалың тоқыраудан да, қарық болар нарықтан да кенде қылған жоқ. Аумалы-төкпелі сол замана толқынында «мың өліп, мың тіріліп» келе жатқан қазақтың талайы тағдырынан ғасырмен жасасқан санаулығына, қазақ тарихшылары өткенін және ақсақал жасына жетіп жаңа қоғам Тәуелсіз Қазақстанның ірге тасын өрге сүйреуге ат салысып келе жатқанын білеміз. Бұл елім деп еңсесін биік ұстаған ақсақал ағаларымызға кейінірек тоқталармыз.

ХХ ғасыр азулы тісін айқара ашқан, тырнағынан қан тамған әкімшілік-әміршілдік жүйе кеңес үкіметі қазақтың талай абзал азаматтарын қанды шеңгел тырнағына іліктірген болатын. Ұлы тұлғалар бүкіл бір халықтың тарихында бүтін бір кезеңнің үлкен тірегі бола алатынына көз жеткізгендейміз. Дәл қазір тарихта әділетті қақ жарып, сол кезеңнің тұлғасы, дәуірдің биігі, жалауы бола алатын ұлы тарихшыларды көре алмай жүргендейміз. Қазақ тарихы Е.Бекмахановтан кейін ХХ ғасырдың 80-90-шы жылдары жетімсіреп, жоқтаған шағы ма деп қалдым. Осы жылдары қазақ тарихында ұсақ-түйек, айтыс-тартыстас басталып, ғылымда мұрны иіс білмейтін, тарихтың төрінен орын іздеп, ғылымнан көрі бақталастықтан, жалған атақ пен қолдан жасалған дақпырттан туындаған «ұлылықтан» дәметкендерме деп қалдым. Жалпы осы жылдарда қазақтың тарихи ғылымына, мәдениетіне, әдебиетіне қарсы соншалықты аяусыз, әділетсіз жүгенсіз шабуылдар жиілеген кез бе деп ойлаймын. Бұл ХХ ғасырдың 30-40-шы жылдарындағы қазақтың тарих ғылымына төнген қара бұлт, қасіреттен кейінгі ауыр кезеңдер, қарғыстай тиіп, қырсықтай жабысқан кесел, ғасырдың 50-60-шы жылдарында, 70-ші жылдардан тәуелсіздік жылдарына дейін жалғасын тапқан еді. Меніңше, кеңестік идеологияның сана-сезімді уланғандығы соншалық, ғылымда таланты бар кейбір ағаларымыз, сол қиямпырыс ағымның етегіне еріп, тұңғыығына қалай батқанын білмей де қалған сияқты. Әркім идеологияға қарсы тұра алмай, өзінің басын сауғалап, бұқпалап кете барды. Бұған екі түрлі себепті іздестіреміз: бірінші – тарихшы ғалымдар арасында кеңестік идеологияға бас ұрып келеңсіз қылықтарға баруы, бақталастық, бір-бірінен есе қайыру, ғылым қамы емес өз жайын күйіттеу, сол арқылы творчествалық ізденіссіз жеңілдің астыменен – ауырдың үстіменен атаққа ие болу ниеті болды. Екінші – басты себепті іздестірудің қажеті жоқ сияқты. Ол біздің еліктегіш, біреу дем берсе болды дүрлігіп, атой салып шыға келетін қанымызға сіңген әдеттен көрінеді.

Сол бір кезеңдер дәл сол кеңестік идеология ауруының кеселіне ұшыраған кезең болды. Міне, сол кесел қазақ қоғамының мыңдаған жылдық тарих ғылымын аяққа таптап, даму өресін алқымынан алды. Оған дәлел мен

өзім 60-70-ші жылдардағы мектеп оқушысы кезімде көріп, қолыммен ұстаған «Қазақстан тарихы» оқулығы бір дәптердің көлеміндей-ақ болатын. Бұл қазақ тарихы ғылымын тығырыққа тіреп тұқырту, тұншықтыру мақсаты болатын. Дей тұрғаныменен, тарих ғылымы мысық табандап дамыды, тәй-тәй басқан аяғы бір-екі деп ілгері ұмтылды. Осы сәтте В.Лениннің «Бір қадам алға – екі қадам артқа» деген еңбегін еріксіз еске аласың. Кешегі уақытта яғни ХХ ғасырдың 80-90-шы жылдарында алдында үйреніп үлгі тұтар ағаларымыздың өте аздығына қатты қынжыласын. Біздің алдымыздағы өмірлік тәжірибесі де, тарих ғылымына келу жолы да бөлек ағалар тобы, ХХ ғасырдың 40-60-шы жылдарындағы тарихшы ақсақалдарымыздан оқшау қалып қойған сияқты. Тәжірибесі де, ғылыми жолы да бізге жақын ағаларымыздан, сол арғы топ ақсақалдарымызды үлгі өнеге тұтқандаймыз. Бұл ащы да болса шындық. 70-90-шы жылдардағы тарихшы ғалымдардың өзіндік мектебі өте нашар қалыптасқаны да шындық, соңынан ғылымға жанашыр жастарды ілестіре алмағаны, жетектей алмағаны да тарихи шындық. Алдыңғы ақсақал топ тарих ғылымына келе сала бұл құдай берген дарын, талап деп түсініп, сол ғылымның бар ауыртпалығын, азап жолын, тарих жүгін мойымай көтеріп өзіндік мектебін қалыптастырып кетсе, екінші ағалар тобы оңай жол, табыс көзін іздеп, ғылымға деген жауапкершілікті ұмыт қалдырған секілді. Сол себепті тарих ғылымы биіктемей, тереңдей түспей, суы солған Арал теңізіндей таяздап кетті. Қаншалықты өкпе артып ренжіш білдірсек те сол ағаларымыздың етегін баса тарих ғылымына біз де келдік. Тарих ғылымындағы ақсақалдарымыз Е.Бекмаханов, С.Асфендияров, А.Марғұлан, М.Қозбаев т.б. ғалымдардың ізін қуған қазіргі таңда тарих ғылымында өзіндік із қалдырып, мектебін қалыптастырып келе жатқан қадірлі ағаларымызды да атап өтпей кетпеске болмайды. Еліміз Тәуелсіздігін жариялап темір бұғаудан босанған сәттен бастап халқымыздың төбесі көкке аз-ақ жетпей қалды. Тәуелсіздік халқымыздың ғасырлар бойғы аңсаған арманы сол бір бұғау кезеңде көз алдына елестеткен қиялы еді. Осы бір өзге дамыған елдермен терезесі тең, керегесін кең жайып жалпақ басып жатқан жайымызда, қазақ ғылымы да сілкініп бір оянды. Ғылымның барлық саласы әдебиет, мәдениет, медицина, техникалық прогресс және тарих ғылымыда ерекше қарқынмен дамып келеді. Қазіргі таңда тарих ғылымында ерекше тер төгіп, өздерінің тарихи мектебін қалыптастырып үлгерген (басында айтқанмын өте аз деп) алдыңғы буын ағаларымызды атап өткім келіп отыр. Тарих ғылымдырының докторлары: Көшім Есмағамбетов (Алматы), Нұртаза Абдоллаев (Ақтөбе), Тұяқбай Рысбеков (Орал), Талас Омарбеков (Алматы), Қангелді Әбжанов (Астана), Хисмет Табылдиев (Атырау), Үркенбай Қыдыралин (Атырау), Алдар Сарсенов (Атырау), сонымен қатар өз қатарластарымыз жаста болса тарих ғылымына өзіндік үлестерін қосып үлгерген, жас буын тарихи мектептерін қалыптастырып келе жатқан, тарих ғылымдарының докторлары: Лесқали Бердіғожин (Атырау), Әбілсейіт Мұхтар (Орал), Ахмет Аққали (Атырау), Ұзақбай Исмағұлов (Ақтөбе) сияқты азаматтардың баршылығына қуана отырып, қазақ тарихы ғылымының биіктей түсетініне, жалауының желбірейтініне сеніміміз мол. Осы алдыңғы буын

ағаларымыздың шәкірттері, тарих ғылымына талпына, құлшына қалам сілтеп өз үлестерін қосып келе жатқан, отан деп жүректері соққан іні-қарындастарымызда баршылық. Олардың қатарында тарих ғылымдарының кандидаттары: Әділбек Тұрдалиев (Атырау), Самат Құрманалин (Орал), Сәулебек Рүстемов (Алматы), Гүлризабану Жұмашева (Ақтау), Берекет Кәрібаев (Алматы), Жаңабай Жақсығалиев (Орал), Болат Нығметов (Атырау), Гүлфайрус Қайырғалиева (Атырау), Өтеген Исенов (Қостанай), Самат Есқалиев (Ақтобе), Әния Ермағамбетова (Атырау), Нағима Сармурзина (Атырау) сынды қатарластарымыз бүгінгі таңдағы тарих ғылымына шын жанашыр жандар екеніне менің көзім жетіп жүр. Болашақта қазақ тарихының биіктеуіне, өркендеуіне бұлардың өзіндік тарихи мектебін қалыптастыра алатындарына менім сенімім мол екендігін жеткізгім келеді. Тәуелсіз таңда қазақ тарихы да дамыған елдермен терезесі тең түсерлігіне күмәнім жоқ. Сондықтан да қазақ ұлтының патриотизмін, мәдениетін, әдебиетін ілгері жетелейтінде тарих ғылымы болуға тиісті, келешек жас ұрпақ ұлт тарихын меңгере отырып мақтанышпен сезінуі керек.